

Ақтоғай аудандық мәслихатының (V шақырылған, XXVII (кезектен тыс), сессиясы) 2014 жылғы 20 ақпандағы "Ақтоғай ауданының әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелген санаттарының тізбесін анықтау ережелерін бекіту туралы" № 106/27 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 ақпандағы № 171/40 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда № 4352 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 20 шілдедегі N 30/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 20.07.2016 N 30/5 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Ақтоғай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 20 ақпандағы "Ақтоғай ауданының әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін анықтау ережелерін бекіту туралы" № 106/27 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылдың 18 наурызында № 3732 тіркелген, 2014 жылдың 5 сәуірінде "Ауыл тынысы" газетінің № 13, "Пульс села" газетінің № 13 жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы аталған шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және Ақтоғай ауданындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін анықтау ережелерінде:

9-тармағы б) тармақшаның бесінші абзацы "мүгедек балаларды үйде тәрбиелейтін және оқытатын отбасылары;" сөздері "мүгедек балаларды үйде оқытатын отбасылары;" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармағы 9) тармақшаның төртінші абзацы "кірісі азық-түлік себеті мөлшерінен аспайтын 12 аптаға дейін аудандық ауруханаға жүктілігі бойынша тіркеуге тұру үшін жүгінген жүкті әйелдер;" сөздері "кірісі күнкөріс шегі

мөлшерінен аспайтын 12 аптаға дейін емдеу мекемесіне жүктілігі бойынша тіркеуге тұру үшін жүгінген жүкті әйелдер;" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тармағы 10) тармақша "адамның иммунотапшылығы қоздырғышын тасымалдаушы және адамның иммунотапшылығы қоздырғышынан туындаған аурудан зардап шегуші тұлғалар" деген абзацпен толықтырылсын;

10-тармағы 2) тармақшадағы екінші абзац алынып тасталсын;

10-тармағы 2) тармақша "осы Ереженің 9-тармағы 10) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген санаттар үшін осы Ереженің 15-тармағы 1), 2) тармақшасында көрсетілген құжаттармен бірге науқастың Павлодар облысы " Павлодар облыстық ЖҚТБ-нің (жұқтырған қорғаныш тапшылығы белгісінің) алдын алу және күресу жөніндегі орталығы" мемлекеттік мекемесінде есепке тұрғаны жөнінде медициналық анықтамасы, жеке өтінішінің негізінде – 10 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек;" деген абзацпен толықтырылсын;

11-тармағы 2) тармақшадағы бесінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ақтоғай аудандық мәслихатының бюджеттік саясат және аумақтың экономикалық дамуы жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

К. Саржанов
Т. Мұқанов